


**№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**



**Өткізілген уақыты: 29 тамыз 2025 жыл**

**Түрі: дәстүрлі**

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының жұмыс барысы»**

2025-2026 оқу жылы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

## ХАТТАМА №1

**Өткізілген уақыты:** 29 тамыз 2025 жыл

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау»

**Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.

**Барлық педагогтар саны: 6**

**Қатысқан педагогтар саны: 6**

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау:

- МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау;

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру;

- педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау.

3. Бекіту:

- ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі;

- педагогтердің перспективалық жоспарлары;

- 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары;

- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау;

- аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлау;

- шығармашылық топтардың құрамын бекіту;

- білім беру ұйымындағы психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекіту;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекіту;

5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

6. Педагогикалық кеңес шешімі.

### **КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:**

«МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

#### **1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші болып балабақша басшысы сөз сөйледі. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақша медбикесі сөз сөйледі. Балабақша медбикесі балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болуына байланысты олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

#### **ШЕШІМ:**

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде балабақшаның педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін:

#### **2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог

қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

### **ШЕШІМ:**

2. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.

### **3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылады. Сонымен қатар, тәрбиешілердің, пән мұғалімдерінің және арнайы мамандардың жылдық жоспарлары талқыланды.

Балабақшаның оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығына сәйкес жасалды.

Балабақшаның күн тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 319 бұйрығы) тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасында көрсетілген күн тәртібінің үлгісіне сәйкес жасалды.

### **ШЕШІМ:**

- Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі бекітілсін;
- Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін;
- Педагог қызметкерлердің 2025-2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары бекітілсін;
- Педагогикалық кеңестің хатшысы тағайындалсын;
- Шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін;
- Аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлансын;
- Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекітілсін;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекітілсін.

### **4. ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігі ескерілді.

### **ШЕШІМ:**

4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын.

Басшы:

Хатшы:



Г.М. Тукенова

А.Н. Рабатова